



Амангелді аудандық орталық кітапханасы
әдістеме-библиография бөлімі



Бір ел – бір кітап акциясы
«Жыр сүлейі»

Әбділда Тәжібаев
Туғанына 110 жыл

Амангелді, 2019 ж.

Ұлы тұлғаның өшпес рухы



Әбділда 1909 жылы февраль айында туған. Туған жері Қызылорда (Ақмешіт) қаласы. Әкесі Тәжібай Қарымсақов жастай ж етім қалып, көп өмірін жалшылықта өткізген. Қала байының қора сыпырушысы болады. Одан кейін Шевков деген орыс учителінің ат айдаушысы болып қызмет етеді. Осы учитель Тәжібайға орысша хат танытады. Сол азын-аулақ хат шолу білу себебінен Тәжібай кейін қала байларына жалдама қызмет істейтін приказчик болады. Әбділданың алғашқы жас балалық шағы қалада, ата-ана бауырында өткенмен, алты жасында әкесі өліп, жетім қалады. Ендігі тәрбиесі анасы Айманкүлдің қарамағында болады. Күнделікті еңбекпен тіршілік етіп отырған Тәжібай өлген соң Айманкүл жас баласымен мұқтаждық, жоқшылық күйге түседі.

Айманкүлдің нағашысы Сыр бойының ескі балықшысы, әрі егінші-диқаны Далдабай деген қарт еді. Сол кісі жетім-жесір болып қалған Тәжібай үй ішін өз қолына алады. Ендігі бірталай жыл Қараөзектегі сол Далдабайдың аулында өтеді.

Далдабай өз баласы болмай, жиені Айманкүлді бесіктегі кезінде бала қылып, бауырына салып өсірген. Өзі мейірімді, есті әке болған. Айманкүлді 14 жасына шейін ауылдағы молдадан оқытқан. Хатқа жүйрік, парсы, шағатай әдебиетіне өте таныс қанықты оқушы етіп өсірген еді. Айманкүлді оқытушы Ділдәхан молда Бұхарада отыз жыл оқып қайтқан, ескі медресе тәрбиесі бойынша көп білім алған кісі деп саналатын. Сол молданың ықыласты шәкірті



болып өскен Айманкүлді Далдабай аулындағы кәрі-жастың көбі "молда қыз" деп атандырады. Далдабай қарттан бастап, ауылдағы үлкен аға, кәрі жеңгейлерге шағатай, парсы тіліндегі ақындық шығармаларды Айманкүл көп оқып береді. Өзі де көп кітапты біліп, айналасында жүргендерді шығыс әдебиет үлгілерімен мол таныстыра жүреді. Кішкене Әбділда Далдабай аулына жетім бала болып барған шағында, анасының әрбір кештерде, жиын топқа нақыстап оқып отыратын қисса, дастандарын естиді. Шығыстың классик туралы әңгімелерін ұзақ кештер ықыласпен тыңдайды. Ақындықтың алғашқы әсерін тәрбиеден алады.

Айманкүлдің кітап оқығыштық мінезін құптаған Ділдәхан молда өзі әбден қартайған шағында "ең жақсы шәкіртім осы" деп, бар кітапханасын Айманкүлге сыйлайды. Сол кітапханада Низами, Науаи, Хафиз, Сайхали, Бәділ шығармалары болады. Осы шығармаларды Айманкүл өзі оқып, жұртқа тындатумен қатар, баласының санасында ақындыққа құмарлықты еге жүреді. Тілі көпшілікке ұғымсыз болған шығармаларды қарттар мен балаларға оқып беруде Айманкүл шығыстың бәйіт оқитын нақысты, сұлу мақамдарымен жырлап жеткізеді. Онысы да тындаушыларына өз шамасынша көркемдік тәрбие беретін. Тәжібайды жоқтап Айманкүл өз жанынан алғашқы мұң-шер

өлеңдерін де жазады. Өз мұңын өз тілімен жазған жоқтауын ақындарының кітапша сөздерін араластыра айтады. Жыл бойында осы жоқтауын көп айтып, кеңейте жүріп, Айманкүл өзі мен баласының мұңды күйін ұзақ поэмаға айналдырады. Сол жоқтаудың ішінде:

Ашыла түсіп гүл солды,

Жаңа бір түсіп от сөнді, –

деген арманды шер шерткен жолдары жас Әбділданың әкесі турасындағы мұңы болып жадында жүреді. Айманкүл баласын өзі оқытып, жеті жасқа толғанында толық хат танытады. Келесі жылдарда Далдабай аулында Айманкүлдің айнымас тыңдаушысы болып алған қарттардың арасында шешесі оқитын қисса, ғазалдарды сол мақамдарымен бала Әбділда да көпшілікке оқып беріп жүретін болады. Осындай ескіше, мұсылманша оқу көлемінде алғашқы шәкірттік сауаты ашыла жүріп, Әбділда 20-21-жылдарға жетеді.

Бұл жылдары Сыр бойында көп жанның қазасына себеп болған оба науқасы шығады. Оған және жаппай сүзек ауруы қосылады. Осы жылда Әбділда мен шешесін асыраушы, қорған болып отырған нағашысы Далдабай қарт қайтыс болады да, ашаршылыққа ілінген ана мен бала Ақмешітке қайта көшіп келеді.



1922 жылы Әбділда жетім балалар интернатына түсіп, бір қыс шала-шарпы оқумен күні өтеді де, жаз шыға үш-төрт бала қосылып Ташкентке кетеді. Онда оқу іздеген балалар көп болып, бұлар орналаса алмайды. Қайта қайтуға қаражат болмай, енді анық панасыз балалардың өміріне көшеді. Көп айлардан соң әлі оқуға да, өмірге де орналасып жәй таба алмай жүрген панасыз бала Қызылордаға қайта келіп, Ленин атындағы интернатқа орналасады. Сөйтіп, 1923 жылдың басында Әбділда совет мектебі тәрбиесіне ілінеді. Сан жетім панасыздарды жүздеп, мыңдап тәрбиесіне алып, адам етіп отырған советтік мектептің тәртіпті, ынталы шәкірті бола бастайды. Жақсы оқушы, үлгілі пионер болып, білімді азамат болуға қадам басады. Бар ынтасын оқу мен ізденуге, жақсы азамат болу талабына берген бала бір қыста екі кластың оқуын бітіреді. Енді комсомолға да кіреді. Сол бірінші басқыш мектепті өзінің ең бақытты тәрбие орны деп бағалай білген жас талапкер интернатта шығатын қабырға газетінің редакторы болады. Бұл интернат балаларының ырысына Ташкенттен оқып келген Сәтбеков Қайырбек деген жақсы бейілді мұғалім ана тілінен өзі оқытушы болады. Қазақ әдебиетін, әсіресе Абай шығармалары мен сол кездегі газет, журналдарда шығатын советтік поэзиясының үлгілерін өзінің ынталы шәкірттеріне жақсылап ұғындырып, сүйдіре танытып жүреді. Шәкірттеріне "инша жазу" деген тәжірибелі жазу сабағында Абай өлеңдері мен совет ақындарының өлеңдеріне арналған тақырыптарды беріп, шығармалар жаздыруға баулиды. "Инша жазу" жарысынан туған шәкірттердің кей өлеңдерін қабырға газетіне бастыра бастайды. Әбділда 14 жасар кезінде осы мектепте өзінің ең алғашқы ақындық жас тәжірибесін бастайды. Қатар құрбыларынан артылта жазған көп өлеңдері

қабырға газетіне жиі басылып тұрады. Ленин атындағы интернаттың талапкер жастары Қызылордада өнерлі, үлгілі совет жастарының үйірмесін құрады. Интернат жастардың күшімен қала халқына арнап клубтар, сауық кештерін де жиі ұйымдастырып жүретін болады. Сөйтіп, Ленин атындағы интернат болашақ ақынды әдебиетке, көркемөнерге анық, дұрыс бағытпен баулиды. Сапалы бағытқа жол ашқан асыл бесік, қадірлі, қымбат ұя болады.

1925 жылы Әбділда бірінші басқыш мектепті бітіріп, Шымкенттегі Мұратбаев Ғани атындағы жеті жылдық мектепке түседі. Әбділда бұл мектепте де әдебиетке, шығармалық тәжірибеге бұрынғыдан да артық ден қойып, зер салады. Мектепте комсомол ұясының және қабырға газетінің редакторы болып істейді. Сол газеттің бетінде "Комсомол", "Пионер", "Ленин өліміне", "Бірінші Май", "Октябрь мейрамына" деген арнау өлеңдері басылып жүреді.

Ақын еді қыран қанат

1927 жылы Әбділда жеті жылдық мектепті бітіріп, Қызылордаға қайтады. Ендігі талабы - сол кездерде аты шығып жүрген қазақ совет ақындары Сәбит, Асқар, Қалқамандар сияқты өз күшін ақындықта сынап көру болады. Ол ақындардың "Еңбекші қазақ", "Ауыл тілі", "Лениншіл жас", "Жұмысшы" деген газеттерде шығып тұратын өлеңдерін оқиды. Әбділданың енді қай бағытта, не тақырыпта жазуы керек екенін сол өлеңдер танытқандай болады. Алғашқы жетекші үлгі бола бастайды.

Әбділда әуелі газетте адрес жапсырушы, почтада газет тасушы болып жүріп, содан "Еңбекші қазаққа" корректор жәрдемшісі болады. Кейін "Еңбекші қазақ" редакциясында көшіруші болып істейді. Ең алғаш 1928 жылы май, июль айларында "Жұмысшы газетінде" "Жұмысшының азаны", "Жұмысшының балғасы" деген ұсақ өлеңдерімен жас ақын ең бірінші рет 19 жасында, баспасөз жүзіне шығады. Сол жылы байлар мен жарым феодалдар конфискесі болады. Революцияның қазақ аулында жүргізген үлкен саясаттық шарасының бірі - конфиске туралы Әбділда көп ұсақ өлеңдер жазады. Бұлар әуелі "Лениншіл жасқа" шығып, содан "Еңбекші қазаққа" да басылатын болады. Бір жаздың ішінде, сол 1928 жылдың күзінде, Әбділда "Еңбекші қазақ" бетінде үнемі жазып тұратын, көп өлең бастыратын совет жұртшылығы үшін жаңа туған, бірақ өнімді, отты, өршіл ақын болып тез танылады. Сол жылы қазақ пролетариат жазушыларының ұйымына, КазАПП-қа мүшелікке өтеді. Газетпен қатар шығармалары журналға да басылатын болады. "Арыс тұзы", "Қазығұрт" деген өлеңдер сол уақыттағы оқушылардың ықыласын Әбділдаға мейлінше аударады. Кейін "Жаңа ырғақ" атты жинақта топталып басылған Әбділда өлеңдерінің көпшілігі сол жылдарда, ақынның 16-19 жастардағы жазған алғашқы талабының жемістері болады. Әбділда ақындығының алғашқы белесі, өмірдегі ақындық, азаматтық талап-мүдделерінің ең алғашқы адымдары осылай басталады.

Әбділданың лирикалық шығармаларына келсек, олар 1936, 1939 жылдарда басылған "Таңдамалы өлеңдер" жинақтарына және 1942 жылы

шыққан "Перне" жинағына кіреді. Соңғы кезде, ең соңғы жылдарда жазылған лирикалық шығармаларынан Әбділда жаңа бір жинақ топтап, әзірлеп жүр. Лирикалық қысқа шығармаларының бұрын Әбділда жазып жүрген өлеңдерден шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі "Сырдариядан" басталады деуге болады. Бұл - ақынның өзі туған өлке, өзеніне, Сыр бойына арналған өлең. Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр. Бұл өлеңде Әбділда орыс, Украина және Европа ақындары: Пушкин, Шевченко, Гейне сияқты ұлы классик және шебер лирик ақындардың үлгісін алады. Солардың құлақ күйіне өзінің туған топырағынан сезімтал үн қосады. Осы шығармасының совет ақыны үшін ерекше ұнамды, орынды бір ерекшелігі - Әбділда мұнда құр сарыншыл, драмашыл сезім ішіне өзінің ортасынан жырылып, жекеше шомып кетпейді. Жаңағы классик ақындардың лирикасында ұдайы жүретін реалистік пейзаж, өмірмен нық қабысқан шыншылдық және әсіресе бағалысы, әлеуметтік, өмірлік сарын ұдайы араласып отырады. Ақын өзі Шевченкодан үлгі алғандай, Сыр суы да Днепрдің энергия қуатын беріп отырған жаңа сапасын тапсын дейді. Осы Днепрден өнеге алсын, советтік заманда, ұлы құрылыс дәуірінде өзгере жаңғырып жасасын дегенді програмдық талап етіп қояды. Бұл - лирик ақын үшін, оның революциялық мүдде-мұратын танытатын зор негізгі стильдік мәселе. Социалистік реализм стилінің сыршыл шығарма ішіндегі айқын өткен стилі боп сезіледі.

Жалғыз-ақ, ақынның бір ғана дәл баспаған жаңсақтығын айтуға болады. Днепр Шевченконың бесігіндей болғанда, Гейнеге Рейн өзені әрдайым шабыт бергенде, Пушкин үшін Әбділданың ұлы орыс классигі үзбей жырлайтын Неваны шабыт арнасы етіп алмай, Еділді атауы ойдағыдай дәл шықпайды. Қонымды емес.

Сыршылдық шығармалардың Әбділда тудырған көркем өрнектері көп деуге болады. Бұған "Тараспен әңгіме", "Елден сәлем", "Күзет әні", "Ат үстінде", "Келіншекпен кеңес", "Қойшы жыры", "Достық жыры" және үлкен



көркемдікпен қоса әлеуметтік сана-сезімін терең танытатын ірі күйлі нақысты әрі толғаулы "Оркестрді" қосуға болады. Лирикалық шығармалардың соңғы бір кезеңінде, Әбділда ақындығының бұл жанрда үлкен шыншылдық және шын шеберлікке жеткен сатысын танытатын жетім балалық шақты толғаған өлеңі болады.

Сыршылдық шығармалардағы "Сырдариядан" басталған нәзік сезімді, нақысты күйді әлеуметтік үлкен армандармен біте қайнастырып отыратын, өнімді өлең құрылысы - Әбділданың жаңағы саналған сыршыл өлеңдерінің көбінде көрініп отырады. Ол еңбек адамдарының мал айналасында, сұлу табиғат арасындағы көңіл-күйін жырласа да, өзінің сыршылдығын әлеуметтік іргеден аулақтатпайды. Жеке-даралық мүлгуге, құр тамашалау қалпына әкетпейді. Табиғат көрінісі, адам тірлігі, еңбек рөлі әр кезде ақынның терең сезіммен сүйсініп шертетін саздары болып отырады. Бұл жағынан қарағанда, қазақтың күй өнеріне арналған "Оркестр" атты ұзақ

өлеңінде де бұрын жалғыз-жалғыз жүрген, адасып жүргендей болған жеке домбыра, жеке қобыздарға "күнің енді туды" дегендей болады. Бытырап жүрген кедейлердің ұсақ шаруалары енді жаңа дәурен туғанда бірігіп, берекелі өмір құрғанындай, үлкен сырлы, күйлі берекемен қосылған қобыз, домбыраларды да жаңағы колхоздасқан елдей қостап, сүйсініп құттықтап қарсылайды.

Сөйтіп, "Сырдариядан" "Оркестрге" шейін, одан "Еске алуға" шейін созылған қадау-қадау сыршыл жырларының бәрінде де Әбділда өз лирикасының өзгеше өнімді бітімін айқын танытып отырады. Сыршылдық өлеңдерінің көпшілігі – саяси өткір, жаңа санадан туған сыршылдық.

Қоғамдық тақырыптарды сезім, санаға әсерлі ырғақтармен, күйлі сырдай жеткізіп беретіндіктен бұл алуандас саяси лириканың көпшілік санасына, сезіміне тез қонатын, сырластықтай өтімділік бағасы даусыз.

Көп сыршылдық жырларының ішінде Әбділданың "Тақтақ" атты бір өлеңінде ақынның жекелік, дарашылдық сезімі мен әлеуметтік қарызы арасында болған орынсыз, теріс қайшылықта көрінеді. Ол өлеңде ақын өмірлік құрылыстан, балға мен тастың шақылдағанынан мезі боп, құлақ басып қашқысы келеді. Бұнысында буржуазиялық романтика үлгісіндегі дарашылдық күйін күйлейтін сыршылдықтан, советтік поэзияға қонбайтын қияс, теріс елес, көрініс бар еді. Бірақ совет ақыны өзінің сол ағаттығын сәулетті өмір туғызып жатқан шебердің қасына барып, әңгімелесу арқылы аңғарады. Өзінің адасқанын танып, тұманды аулаққа тартқан, бұлдыр сағымнан айығады. Өз ақындығының қарызы өмірлік құрылысты құптауда, соған сүйсінуде, көмектесуде екенін ұғынып қайтады.

Бұл шығарманың Әбділда шығармасының ішінде кездесетін кейбір, құр ғана сезімшілдік, сарыншылдық мотивтерді сынап өту түрінде қалыптанған сыншылдық ерекшелігі бар.

Ақынның өлеңдері

Қазақстан

Қазақстан өлкесінің кеңдігін
Өлшеп жатпай өзгелерше мен бүгін,
Онай ғана ұғындырып байқайын,
Болмашы бір белгілерін айтайын.
Қысты күні бөлмеңізде пеш қызып,
Көрінгенде сол қызудан кеш қызық.
Жанған отқа сүйсіне зер салыңыз.
Қазақстан көмірі деп таныңыз.
Туралғанда ақ мамықтай бөлкелер,
Түспей ме еске астық еккен өлкелер,
Соның бірі Қазақстан - таныңыз,
Соның наны жеген осы наныңыз.
Дастарқаннан нарттай қызыл алманың

Қол созғанда таңдап бірін алғалы
«Қазақстан!» дей көріңіз, бауырым,
Өсіруші алманың ең тәуірін.
Сары аязда - сақылдаған ақпанда -
Адам тұсын, ағаш дір-дір қаққанда,
Ұмытпаңыз Қазақстан сыйларын
Жеткен сізге жылуымен пиманың.
Жапқан сайын әрбір үйдің тебесін,
Қаққан сайын әр есіктің шегесін,
Құрметтеңіз Қазақстан жерінің,
Өзендерше өрши аққан темірін.
Көк теңіздей толқын ата көпірген
Домбыра үні жетсе сізге эфирден,
Қабылдаңыз Қазақстан күйлерін
Қуантушы бақытты Отан үйлерін!

Алматы

Алматымыз астанасы қазақтың,
Тұрамын мен сол қаланың өзінде.
Рим да емес ол, Париж да емес мақтаулы,
Ұқсасы жоқ бүкіл дүние жүзінде.
Қала емес ол - сіздер көрген, достарым
Суреті оның басқалардан өзгереді.
Жырлау үшін оның жерін, аспаның
Ескірмеген, естілмеген сөз керек.
Қай қалада осынша алып емендер
Қөшелерге жайып қанат шығады.
Қай қалада алтын бұйрат теректер
Жапырағымен көкті сүртіп тұрады
Әрбір гүлге бір бұлбұлдан сайраса,
Әр сұлуға жыр шертеді бір ақын.
Әрбір көңіл жоғарыға қомданса,
Бұлттан да әрі тауымыз бар шығатын,
Желпіп өтсе жібек самал лебімен,
Ақ жаңбыр кеп астанамды шаяды.
Тартып шеңбер бояулары көгімнен
Қемпірқосақ кең құшағын жаяды.
Сүюшілер күн мен гүлді жанындай
Алматыма - астанама келіңдер.
Достарыма қазақ дастарқанындай
Ақ пейілдер жайылғанын көріңдер!

Күзет әні

Жарық түнде жазық дала, жайлауда,
Шаршамаймыз атқанша тан ойнауға,
Ай астында алтыбақан тербеліп,
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.
Тербел, тербел алтыбақан жайлауда,
Жалықпаймыз атқанша тан сайрауға.
Ән мен өлен қой, қозыны тербетіп,
Жануарға жандай серік болмай ма?
Түнгі дауыс тым алысқа кетеді,
Жаңғыртады, тауды дірілдетеді,
Жайлауында жаздай думан қайнаған,
Қандай қызық күзетшілер мекені!
Айтақ-айтақ әуілдеп қой, сақ құлақ,
Айналып шық ауыл сыртын шапқылап.
Қасқыр түссе жолбарысша жұмарлап,
Азуыңды қадағайсың қаттырақ.
Жарық түнде, жазық дала, жайлауда,
Жалықпаймыз атқанша таң сайрауға.
Ай астында алтыбақан тербеліп,
Үйренгенбіз толқынды жыр толғауға.

Алтын ай

Терезеден тесіліп,
Қарасам сұлу далаға.
Айды көрем қалғыған
Ұсаған жас балаға.
Жастанғаны жұмсақ бұлт,
Жұмсартыпты жамбасын.
Жатыр жалқау бүркеніп,
Сүйіп ұйқы жолдасын.
Аш көзіңді, алтын ай,
Көміле берме ұйқыға!
Оятамын, қоймаймын,
Жатқызбаймын ұйқыда.
Бөлене бермей бесікке
Аш көзіңді, алтын ай!
Өлеңнен өрнек кестелеп,
Отырмын мен де ұйықтамай.
Ұйықтама, тыңда, алтын ай,
Айтайын қызық сырларды.
Сырласып сұлу далада
Күзетейік қыrmанды.

Аш көзінді, алтын ай,
Көміле берме ұйқыға,
Оятамын, қоймаймын,
Жатқызбаймын ұйқыда.

Алыстан хат

Сезсең кейде соққан жылы
Жаздың жанға жайлы лебін,
Жат көрме, ол аңсап сені
Ақырын менің алған демім.
Сыбырласса көк жапырақтар.
Тілдескендей қоңыр желмен –
Тыңда да сен, сыр алып қал
Сыбырлаушы онда да мен.
Терезеңнің әйнегінен
Ай қараса айдын көктен,
Мен де қарап тұрмын бірге
Ойлан, гүлім, ұйықтап кетпе.

Балапандар жыры

Қақтық қанат балапандай
Жасыл дала көк торғында.
Қызыл шешек дамыл алмай
Қол бұлғайды кел деп мұнда,
Қақтық қанат балапандай
Гүлден гүлге, нұрдан нұрға.
Әнші бұлбұл дамыл алмай
Дейді бізге жырла, жырла.
Қақтық қанат балапандай
Айдын келге, ағын суға,
Айдай аққу дамыл алмай
Шақырады үн қосуға.
Қақтық қанат балапандай
Бақытты Отан құшағында.
Бізден ерлік көзін алмай
Шақырады кел деп мұнда.

Бес түлік жыры Бөрте лақ

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым.
Секектеме демінді ал

Селтеңдемей кұлағың.
Марқа туған бөрте лақ
Әңгімеме сал кұлқк.
Ойнай көрме тым ұзап:
Боп жүрмесін бөрі тап.
Секіре ме, нетеді,
Тау текеден өтеді,
Сына ма деп тұяғың –
Сенен зәрем кетеді.
Шоли берме жан-жақты,
Болшы, бөртем, салмақты,
Жөнемексің, шұбыртып
Бар қозыны, бар лақты.
Шұнаңдама, қағынба,
Тарта берме қалыңға.
Жібермеймін тым ұзақ,
Жайылыңдар маңымда.

Ақын

Кеудесі шын акынның күй сарайы,
Алады төгіп-төгіп келсе орайы.
Жаңбырдай нажағайлы нөсерлеткен
Жерінде гүл шайқалар құйып өткен,
Жас дүние алдында үміт, жас ұрпағы,
Жарқылдар жаздай жасыл болашағы,
Бүгіннен ертеңіне қадап көзін
Арнайды аңсап ақын соған сөзін.
Мінезі әулиедей ел айтатын,
Құлқынға құл болуды білмейді ақын,
Жаны әзір сүйгені үшін құрбандыққа,
Бүкпесіз жүрек сырын айтар жұртқа.
Құласа сеніммен бір кұлайды,
яныш сонда ешкімнен сұрамайды.
Қамыспас қас болаттай кектенгенде,
Қарғысы атқан оқтай жек көргенге.
Көрсен де осы ақынның қай мінезін
Оқушы, түсін өзің, кешір өзің.

Шабытым жайсын қанатын

Өткеннің бәрі өткен ғой,
Алыстап кейін қалатын.
Есіме кейде алатын

Болады сирек сағатым.
Есімде нәзік бір сәуле:
Көңліме жарық жағатын,
Жадырап жаным жаятын
Қағуға алтын қанатын.
Жайылса жанның қанаты
Жүрегім жүрдек соғатын.
Сонда бір дауыс ішімнен
Дейтұғын: - Кәне, төк, ақын.
Есімде... Сонда қолыма
Ұшып кеп шымшық қонатын,
Бөлмемнің іші сыңғырлап,
Сиқырлы күйге толатын.
Көңілді кірбең баспасын
Көбейші, сондай сағатым.
Жаңа бір жырлар бастасын,
Шабытым жайсын қанатын.

Бұл кім?

Осы бір тыным таппас елгезектік
Білмеппін көп сырларын, елемеппін.
Әншейін, пысық қана, адал жан деп,
Кейде оның дегеніне көне кеттім.
Ізденгіш жаңалығын астананың,
Құптағыш үлкендердің бастағанын,
Ішінде кәрілердің кәдешіл-ақ,
Айтады жас тобында жастар әнін.
Жаюлы дастарқаны мейманына,
Әдебі әжептәуір сыйлары да.
Ағаға семіз бағлан басын тартып,
Жеткізер іні қолын сирағына.
Адамның бәрімен дос бағы барда.
Көрінер тым бауырмал жағынарда.
Шаттығын шабыттанған жасыра алмас,
Арада араздық от жағыларда.
Көрмеген бітім айтып өмірінде,
Атану аралық дос жеңіл мүлде.
Қоштаса қошеметтеп күндіз оны,
Табады кешке мұның көңілін де.
Бағып тұр көргіш көзі алыстарды,
Танып тұр алысқанды, жарысқанды;
Күтіп тұр құлағанын биіктердің,
Тілеп тұр жылағанын таныстардың.

Жалшылар, міне жеңді енді

Ауылда ірі байлардың
Өрісті малы бермеді,
Жалшы еңбегін жатып жеп,
Еңбек заңын көрмеді.
Күндерін көксеп датқалық,
Кеуделерін кернеді.
Малына сеніп күмпиіп,
Арамдар сөйтіп өрледі.
Сайлау болса жылтылдап,
«Мен жағыма кел, - деді.
Көтеруге бағымды,
Құйыршық болып ер», - деді.
Советті күндеп, өсектеп,
Біле тұра сенбеді.
Қосшы ұйымын құлдар деп,
Кіжініп қолын сермеді.
«Тасқын суға бір тосу»
Дегендей, тосу келді енді.
Партия беріп басшылық
Кедейлер жеке меңгерді.
Байға жасап шабуыл,
Таразысы тең келді.
Тең келмеді - ау басынды,
Малына салып шеңгелді.
Ақ ордасын ойрандап
Жалшылар, міне, жеңді енді

Қыс ата

Ойының, балам, омбы қар
Демейсің қолым домбығар.
Ақ мамықты ақтара
Қалайсың тынбай ақ қала.
Отырып таудың құзында,
Құлағын тосып ызыңға.
Қыс сақалын тарайды,
Қызыға саған қарайды.
Қарайды да күледі,

Үлпілдек қарды үреді.
Қояды бір дем ысқырып,
Қаласың сонда түшкіріп.
Көрдің бе қарттың мінезін,
Ермегі қазір бір өзің,
Ойынға қандай көңілді,
Серігің болды сенімді.
Үйіріп аппақ құйынын,
Секіртеп ұшқыр тиынын.
Кейде еменді сілкеді,
Төбеңнен қырау бүркеді.
Тебемін десең сырғанақ,
Үскіріп қалып бір қабат,
Жаяды жалтыр көк мұзын,
Сырғанайсың күн ұзын.
Қолыңнан ұстап қыс ата,
Күн бата үйге ұзата
Бетіңнен сүйіп қалады,
Күрсініп дем алады.
Қыс ата неткен пейілді,
Күнімен соқты-ау ойынды.
Алғасын біраз тынысын,
Бастайды түнгі жұмысын.

Отарбада

Бейне перне тізілген,
Шпал қалай көп еді,
Шегіндей домбыра
Рельстер күй төгеді.
Басып перне күй гулеп,
Міне отарба жөнеді.
Қазақстан ән-жырын
Өрге тартып келеді.
Жүйрік болат паровоз
Мені де өрге тартады,
Шайқап жарық вагондар,
Бойда қуат артады.
Терезеден қараймын,
Дөңгелейді айналам.
Қандай жүйрік отарбам,
Қандай қызық заманам!

Правдаға

Мен бала едім тұңғыш сені көргенде,
Тұңғыш рет тіліңді ұға білгенде.
Сен, қаралы көз жасыңмен естірттің
Әкем менің - ұлы Ленин өлгенде.
Естірттің сен, егілгенше жылаппын,
Есіркедің, өз балаңдай жұбаттың.
Үйреттің сен, ұлы көсем өсиетін,
Көкірегіме кұйдың бәрін қуаттың.
Жүрегіме жалын қостың лебіңмен,
Жасқанбайтын еттің бейнет, елімнен.
Келем еркін иесіндей әлемнің
Алған сенен ерлікпенен, сеніммен.
Келем еркін айтып жырын елімнің,
Айтып жырын: өзім туған жерімнің
Сүйем сенше барлық асыл қасиетін
Жібектей жер, көп жұлдызды кегімнің.
Я мүдіріп, қалсам яки сүрініп,
Аяғыма әлденелер ілініп.
Ұрсасың да, қолтығымнан сүйейсің
Жатқызбасқа жат көзінде жығылып.
Ризамын мен, қамқоршымың қашан да,
Міндеттімін, дәл езіңше жасауға.
Бар ұрпағың жаңа дүние жетектеп
Ғасырларға жаршы бола бас алға!

Көзінді аш

Кедейлер топ болып отыр,
Топтанып көп болып отыр.
Бәрі де газетке жазылған
Не пайда - жоқ болып отыр.
Құлғара күйініп отыр,
Қабағы түйіліп отыр.
Газет жоқ, ауылнай жоқ,
Қамшысын үйіріп отыр.
Ауылнай аттанып жүр,
Жан күйттеп баптанып жүр.
Ет аулап, қымыз іздеп,
Есіріп мақтанып жүр.
Қоржынмен бөктеріп жүр,
Қасында көп серік жүр,
Қай сұмда «Куәлік» жоқ,

Беруге тексеріп жүр.
Тезіміз құрылып отыр
Былыққа бұрылып отыр.
Көзіңді аш, ауылатком,
Аяғың ілініп отыр.

Кемеде

Бір кемеде бір қазақ
Алыс сапар алдында.
Шыға қапты жолға ұзақ
Жатпай тыныш аулында.
Қуанудың орнына
Қынжыла ма, не етеді?
Қимай қарап артына
Жалтақ-жалтақ етеді.
«Европаға саяхат!»
Айтуға да тамаша.
Аңсайды аулын сол қазақ,
Алыс жолға қараса.

Ауылдағы азан

Естуші едім ауылда
Молдамыздың азанын.
Азан үні шыққанда,
Кетіріп жол тозаңын –
Намазға жұрт баратын,
Мешіт лық-лық толатын,
Барлық мойын иіліп,
Барлық қабақ түйіліп,
Тірлік қамын ұмытып,
Бір аллаға сыйнып –
Құблаға жұрт құлайтын,
Иман, ұжмақ сұрайтын.

Қыс пен жаз

Балқытып гүлді деміне
Сүйді жаз әбден беріле;
Әкетпек еді ұзатып
Өзінің жылы жеріне...
Қызғаншақ қыс келді де
Сілтеді суық қанжарын.

Жас жігіт қыршын өлді де
Қалдырып кетті жан жарын.
Құтырған шал құмартты,
Қызыға сүйді жас гүлді.
Бойына нәзік мұз қатты,
Үгілді гүл, төгілді.

Бар еді бір жылқышы...

Бар еді бір жылқышы
Танысып ем жайлауда.
Қағушы еді домбыра
Қыз ұзатқан тойларда.
Ағып тұрған әнші еді
Арнап туған сайрауға.
Тоймаушы еді талғанша
Түнде ақсүйек ойнауға.
Қайда екен сол жылқышы?
Әсем еді-ау күлкісі.
Жылқышы бір, жел де бір
Жел қайда деп кім сұрар?
Жүйрікті таңдап мінгеннің
Өзінде ғой ықтияр.
Я бір биік жартаста
Ортекедей тұр шығар,
Я бір жасыл жазықта
Желідей есіп жүр шығар.
Қайда екен сол жылқышы?
Әсем еді-ау күлкісі.

Жастық шак

Қызық қой жастың мінезі,
Қызу ғой оның жүрегі.
Әлемге жалғыз бір өзі
Иедей болып жүреді.
Лебізі жаздың лебіндей,
Ғажайып дүние сұлуы,
Көзі де күннің көзіндей,
Жылуы қандай, жылуы!
Көңілді жүрсе жайдары,
Кеудесі толы сенімге.
Арманын Іздеп қайдағы,
Талпынар тынбай көруге.

Күнге де ғашық, Айға да,
Құмартпай бір де жүрмейді.
Келмейді қауіп ойға да,
Қатерлер барын білмейді.
Ғашығын тапса болғаны,
Ұшады жаны биікке.
Таба алмай қалса қорланып,
Жатады жанып, күйіп те.
Қызық қой жастың мінезі,
Қызу ғой оның жүрегі,
Әлемге жалғыз бір езі
Иедей болып жүреді.

Алатау

Ұқпаймын тілін теңіздің,
Таныған жоқпын тереңін.
Білмеймін сырын толқынның,
Білмеймін сырын кеменің!
Сүйемін туған тауымды,
Тәкаппар оның тұлғасын,
Бөгеген тентек дауылды,
Бүкпеген тізе мың ғасыр.
Киініп сауыт көк мұздан,
Жамылған қардан желеңін,
Ұшырып бүркіт шың, құздан,
Жаттатқан маған өлеңін.
Жатсам түнде дамылдап
Күзетімде ол тұр менің.
Тілегендей сыбырлап,
Тірлігімді бір менің.
Пердесін түннің ысырыт,
Тұрғызады ол - таңды да,
Көтеріп күнді ұсынып,
Тартады менің алдыма!



АБДИЛДА ТӘЖІБАЕВ ТУРАЛЫ

- Абділда Тәжібаев (1909 ж. г.) – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым, Филология ғылымының докторы, проф., Қазақстан Республикасының халық жазушысы.
- Оның «Жаңа ырақ», «Аралдар», «Кешеден бүгінге», «Жартасты», «Жаңа өрімдер», «Құрдастар», «Толғадай» және 5 томдық жыр жинақтары жарық көрген.



QAZAQ RADIOLARY 1921



QAZAQ RADIOLARY 1921

Дәуір үні

Абділда Тәжібаев

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

1. Тәжібаев, Әбділда. Үш томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер. 1-ші том / Ә. Тәжібаев; Ред.Латиева Сара.- Алматы: Ана тілі, 2009 жыл. - 272 бет 1-ші том.
2. Тәжібаев, Әбділда. Үш томдық шығармалар жинағы: Поэмалар мен драмалар. 3-ші том / Ә. Тәжібаев; Ред.Рақымбекова Ш.- Алматы: Ана тілі, 2009 жыл. - 272 бет 3-ші том.
3. Тәжібаев, Әбділда. Үш томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер. 1-ші том / Ә. Тәжібаев; Ред.Латиева Сара. - Алматы: Ана тілі, 2009 жыл. - 272 бет 1-ші том.
4. Тәжібаев, Әбділда. Үш томдық шығармалар жинағы: Поэмалар мен драмалар. 3-ші том / Ә. Тәжібаев; Ред.Рақымбекова Ш. - Алматы: Ана тілі, 2009 жыл. - 272 бет 3-ші том.
5. Тәжібаев, Ә. Өлеңдер, поэмалар / Ә. Тәжібаев; ред. Дәуітұлы С.- Алматы: Ан-Арыс, 2010 ж. - 304 б. - (Алтын қалам).
6. Бердібай, Раманқұл. Әдебиетіміздің асқар тауы: [Әбілда Тәжібаев туралы ойлар] / Р. Бердібай // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 29 мамыр. – Б. 4.
7. Дәуітұлы, Сәрсенбі. "Айтыңдаршы, арманым не?!" [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаевтың шығармашылығы туралы] / С. Дәуітұлы // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 18 сәуір. - Б. 4.
8. Дәуітұлы, Сәрсенбі. Жыр сүлейі [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаевтың шығармашылығы туралы] / С. Дәуітұлы // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 12 маусым. – Б. 4.
9. Елеукенов, Шерияздан. Абыз ақын Әбілда [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаевтың шығармашылығы туралы] / Ш. Елеукенов // Қазақ. - 2014. - 1-8 тамыз. - Б. 7.
10. Ергөбек, Құлбек. Ана тілін арындай аялап өткен ақын [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаевтың тағдыры жайлы ғұмырнамалық кітабынан үзінді] / Қ. Ергөбек // Ана тілі. - 2009. - 15-21 қазан. –Б. 8.
11. Меңдешова, Айзат. Әбілда Тәжібаев [Мәтін] : [жазушы Әбілда Тәжібаев туралы] / А. Меңдешова // Айгөлек. - 2009. - № 4. - сәуір. - Б. 6 -7.
12. Молдағалиев, Тұманбай. Ақын еді қыран қанат [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаев туралы] / Т. Молдағалиев // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 20 қараша. - 5 б.
13. Сәдуаов, Айбол. Сыр сүлей, жыр дүлейі - Әбілда [Мәтін] : [әмбебап ғылыми кітапханада ақын өлеңдерін жатқа оқудан байқау өтті] / А. Сәдуаов // Мектеп оқушысы. - 2014. - 7 наурыз. - Б. 2.
14. Тәжібаев, Әбділдә. Жер туралы үш өлең [Мәтін] : [қазақ поэзиясының ақтаңгері- Әбілдә Тәжібаевтің өлеңдер топтамасынан үзінді] / Ә. Тәжібаев//Қазақ.- 2009. - 12 маусым. – Б. 1.

- 15.Хусто Хорхе қазақ ақындары хақында [Мәтін] : [Испан ақыны қазақ әдебиетінің жанашыры] // Қазақ әдебиеті. - 2018. - 21-27 желтоқсан. - Б. 14-15.
- 16.Шаматай, Кемелбек. Өмірде өзіндік із қалдырған [Мәтін] : [жазушы-журналист Төлепберген Тобағабыл туралы] / К. Шаматай // Егемен Қазақстан.- 2015. - 15 қазан. - Б. 9.
- 17.Шаяхметұлы, Көбей Хұсайын. Ақынның ақырғы арманы [Мәтін] : [ақын Әбілда Тәжібаев туралы] / К.Х. Шаяхметұлы // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 15 тамыз. - Б. 7.

Мазмұны:

1. Ұлы тұлғаның өшпес рухы.....	3
2. Ақын еді қыран қанат.....	5-7
3. Ақынның лирикалық өлендері.....	7-8
4. Лирикалық өлендері.....	9-17
5. Естелік суреттер.....	18

*Кітапхананың мекен- жайы : 101200,
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Дүйсенбин көшесі, 38
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70
Aman.kitaphana@mail.ru*

*Құрастырушы: А.К. Аубакирова
Компьютерлік терілім: А.К. Аубакирова
Редактор: Ж. Б. Бірмағанбетова
Шығарылымға жауапты: К.А. Мусабаева
Басуға қол қойылды 17.04.2018ж
Таралым 5
Көлем 0,35*